

«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
басшысы М.О.Қосымбаеваға
«№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
әкімшілігінен

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе қаласы
«№48 жалпы білім беретін
орта мектебі»
коммунальдық мемлекеттік
мекемесі
№ 217
11 » 10 2022 ж.

Сұраныс

Сізден, «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ әкімшілігі «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ 2021 жылғы 2 қыркүйектегі «Қамқоршылық кеңесінің» құрамын бекіту туралы №250 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізуіңізді сұрайды.

Негізі: «Қамқоршылық кеңес» құрамының өзгеруіне байланысты.

Сұранысқа №1 қосымша мен өтініштер қоса жалғанады.

Мектеп директоры



К.К.Абуова

Қосымша №1 қосымша
№ 217
11 » 10 22

1) «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де «Қамқоршылық кеңес» мүшелігі құрамынан төмендегі төрт кандидатты өз өтініштері негізінде шығаруға:

1. Жиентай Доктырбай Әлтенұлы
2. Абдрахманова Жұлдыз Коныскалиевна
3. Купбаева Айғайша Турарбековна
4. Канбаев Муратбек Сабирович

2) «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің «Қамқоршылық кеңес» мүшелерін төмендегі тізімде, жаңа құрамда бекітуге:

№	Кандидатуралардың аты-жөні	Ақаратын қызметтері	Кеңестік лауазымы
1	Тлесов Кумисбек Сейтенович	Жеке кәсіпкер	Қамқоршылық кеңес төрағасы
2	Тастыбаева Алия Донесовна	«Алатау» менеджер	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
3	Курманов Базарбай Ахметович	Жеке кәсіпкер	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
4	Жиеналин Нұрлан Бердіғазыұлы	ТОО «ГЕОМ»	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
5	Шарипов Алшынбай Муфтуллович	Жеке кәсіпкер	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
6	Мухамеджанова Гүльмира	«Теміржол» инженер	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
7	Балшикбаева Айгерім Асқатовна	«Халық банк» менеджер	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
8	Сарина Бибит Ароновна	«Ақбөбек» бассейн инструктор	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
9	Танатова Рыскуль Есиркепқызы	Ата-ана	Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЕ
ГОРОДА АКТӨБЕ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы «12» 10
Ақтөбе қ.

№ 345

«__» __ 20__ года
г.Ақтөбе

Қамқоршылық кеңес құрамына өзгеріс енгізу

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар 02.04.2018 №123) «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ақтөбе қалалық білім бөлімі басшысының 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №250 «Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілсін.
2. «№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ сұранысы негізінде қамқоршылық кеңесінің құрамы қосымшаға сәйкес өзгертіліп, қайта бекітілсін.
3. Осы бұйрықтың орындауын қадағалау қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары Г.Мырзағалиеваға жүктелсін.

Ақтөбе қаласы білім
бөлімі басшысы



М.Қосымбаева

«№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

1	Тлесов Кумисбек Сейтенович	Кенес төрағасы
2	Тастыбаева Алия Донесовна	Кеңес мүшесі
3	Курманов Базарбай Ахметович	Кеңес мүшесі
4	Жиеналин Нұрлан Бердіғазыұлы	Кеңес мүшесі
5	Шарипов Алшынбай Муфтуллоевич	Кеңес мүшесі
6	Мухамеджанова Гульмира	Кеңес мүшесі
7	Балшикбаева Айгерім Аскатовна	Кеңес мүшесі
8	Сарина Бибит Ароновна	Кеңес мүшесі
9	Танатова Рыскуль Есиркепқызы	Кеңес мүшесі



Қамқоршылық кеңес отырыстары

№	Отырыстың күн тәртібі	Мерзімі	Жауаптылар
1	ҚК №1 отырысы: 1.Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу. 2. Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарымен танысу 3. Көп балалы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға көрсетілген көмек туралы	Қазан	Мектеп директоры Абуова К.К ДТІЖО Уликпанова К.К Әлеуметтік педагог Удин Е.С
2	ҚК №2 отырысы: 1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары 3. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу. Оқушыларды сұраныс бойынша қала, облыс әкімі және ҚР Президентінің шыршасына қатысуын ұйымдастыру.	Желтоқсан	ДТІЖО Уликпанова К.К Әлеуметтік педагог Удин Е.С
3	ҚК №3 отырысы: 1. 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының орындалуы туралы 2. Ыстық тамақтың ұйымдастырылу сапасы	Ақпан	ДТІЖО Уликпанова К.К Әлеуметтік педагог Удин Е.С
4	ҚК №4 отырысы: 1.2022-2023 оқу жылы бойынша есебі 2.Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру 3.Соңғы қоңырауға дайындық жұмыстары	Мамыр	Мектеп директоры Абуова К.К ДТІЖО Уликпанова К.К

«№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

14.10.2022ж

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу
(К.К.Абуова – мектеп директоры)
2. Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу.
(К.К.Уликпанова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
3. Көп балалы, аз қамтылған, отбасынан шыққан оқушыларға көрсетілген көмек туралы.
(Е.С.Удин – әлеуметтік педагог)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры К.Абуова сөз алып, қамқоршылық кеңестің мақсаты мен міндеті туралы таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты-білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу екендігіне тоқталды. Сонымен қатар қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне, құқықтары мен міндеттеріне, оның қағидаларына да тоқталып, таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Уликпанова 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2022 жылдың 12 қазанындағы №345 бұйрығы негізінде құрылған қамқоршылық кеңестің биылғы оқу жылындағы жаңа құрам мүшелерімен таныстырды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Тлесов К.С, жеке кәсіпкер

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Тастыбаева А.Д – «Алатау» менеджері
2. Курманов Б.А- ата-ана, жеке кәсіпкер
3. Жиеналин Н.Б – ТОО «ТЕОМ»
4. Шарипов А.М – жеке кәсіпкер
5. Мухамеджанова Г. – «Теміржол» инженер
6. Балшикбаева А.А – «Халық банк» менеджер
7. Сарина Б.А – «Ақбөбек» бассейні инструкторы
8. Таңатова Р.Е – ата-ана, жұмыссыз

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша әлеуметтік педагог Е.С.Удин сөз алып, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер бірлесіп демеушілік көмек көрсетуді ұсынды. «Мектепке жол» акциясы аясында қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 1-сынып оқушысы Қ.Аманжолға АО «ҚазТрансОйыл» компаниясы демеушілік жасап сабаққа қажетті оқу құралдары мен сумка алып берді. Астана ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Жеңіс Бекарыс және Максұт Мирасқа 10000 теңге көлемінде мектепке қажетті оқу құралдары мен сумка берілді. Сонымен қатар жеке кәсіпкер «КЕҢЕС» жиһаз орталығының директоры К.Ж.Жанабай 8 оқушыға және ретро бар «МАННАТТАН» әкімшілігі 2 оқушыға «Мектепке жол» қайырымындылық акциясында демеушілік көрсетіп, оқу құралдары мен сумка берді. Мектеп ұжымы мен ата-аналардың демеушілігімен 1-сынып оқушысы үйден оқитын Қуанышғалиева Айназға азық-түлік, оқу құралдары, сумка, аяқ киім және басқа да заттай көмек көрсетілді.

Сөз сөйлегендер:

1. К.С.Тлесов (кеңес төрағасы) – Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен, осы жылғы алда жасалатын жоспарларымен таныса отыра, кеңес мүшелерімен бірге ынтымақтастықта жұмыс жасаймыз деген сенімдемін.
2. Курманов Б.А(кеңес мүшесі) – Мен де қосыламын. Мектеппен тығыз байланыс жасай отыра, демеушілікке ұсынатын мекемелер мен азаматтарды қарастыруды қолға алуымыз керек.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысы одан әрі жандандырылсын.
2. 2022-2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітіліп, іске асырылсын.
3. «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасының балаларына көмек көрсету жолға қойылсын.

Кеңес төрағасы:



К.С.Тлесов

Хатшысы:



М.К.Кунантаева

«№ 48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Кезектен тыс қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

14.12.2022ж

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы : К.К.Абуова –мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

Ж.Ж.Жубатова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

К.К.Уликпанова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Ж.Избагамбетов – есепші

А.Б.Прмағанбетова – кәсіподақ ұйымының төрағасы

Тлесов К.С - қамқоршылық кеңес төрағасы

Күн тәртібі:

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мен жаңа жыл мемлекеттік мерекелерінің құрметіне мектептің педагогтері мен қызметкерлеріне сыйақы беру туралы

Мектеп директоры Абуова К.К.

ТЫҢДАЛДЫ

Комиссия төрағасы К.К.Абуова: «Ақтөбе қаласы білім беру» ММ-нің 13.12.2022ж №455 бұйрығы негізінде сыйақы тағайындауға комиссия құрамы бекітілді.Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 29-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне , қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысының 5,6-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мен жаңа жыл мемлекеттік мерекелерінің құрметіне мектептің педагогтері мен қызметкерлеріне сыйақы беру туралы шешім қабылдау үшін жиналып отырмыз. Мектепте барлығы - 26 мұғалім, 3 қосалқы пән мұғалімдері, барлығы – 29. Техникалық қызметкерлер – 9, маусымдық қызметкер-2, барлығы – 11. Осы педагогтер мен қызметкерлердің ішіндегі жұмысқа қабылданғандардың 3 ай мерзімнен уақыты болмағандар:

Коржиков Ж.М – дене шынықтыру пәнінің мұғалімі;

Нурахашева Г.А – шаруашылық ісінің меңгерушісі;

Шүйіншалина А.Қ – іс-қағаздар жүргізуші;

Сейтқазиева Ж.Ж – лаборант;

Сейтова Ж.М – киім қабылдаушы;

Сейтқалиев Ж.А - жылыту қазандығының операторы;

Тулбаев Ж.Т – жылыту қазандығының операторы.

Мектеп бойынша 25 мұғалім, 5 қызметкерге сыйақы тағайындалады. Сыйақы тағайындалған педагогтар мен қызметкерлерінің тізімі жасақталып, қаржының үнемдеу есебінен мектеп директоры мен орынбасарларына - елу мың теңге көлемінде, мектеп есепшісіне –қырық бес мың көлемінде, мектеп педагогтарына - жиырма бір мың бір жүз тоқсан теңге көлемінде, мектеп қызметкерлеріне – он бес мың көлемінде сыйақы төмендегідей берілсін.

Жарыссөз:

Қамқоршылық кеңес төрағасы К.С.Тлесов: №1193 қаулысының 5,6- тармақтарына сәйкес сыйлық беруге құқық беретін , қызметкердің қызметінің нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштеріне сыйақы тағайындау сәйкес келетіндігін атап айтуға болады. Сыйықы лауазымдық міндеттерін орындау көрсеткіші бойынша мектеп директоры мен орынбасарларына және есепшіге дұрыс тағайындалды деген ойдамын.

Мектеп есепшісі Г.Ж.Избагамбетов: сыйақы беру жыл бойы үнемделген мемлекеттік бюджет қаражатының 30 пайызынан аспайтын, желтоқсан айында – бір жылда үнемделген қаражаттың толық көлемінен төленеді. Мектептің үнемделген қаражатының мөлшеріне педагогтар мен қызметкерлерге бөлінген сыйақы мөлшері сәйкес келеді. Қаулы және бұйрықты негізге ала отырып, төлем жүргізіледі.

Кәсіподақ ұйымының төрағасы А.Б.Прмаганбетова: мектеп педагогтары мен қызметкерлерге бөлінген сыйақы мөлшерімен келісемін.

Дауысқа салу

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе дауысқа салынды

«Иә» деп дауыс бергендер саны – 6

«Жок» деп дауыс бергендер саны – 0


«Қалыс қалғандар» саны – 0

Күн тәртібіндегі қаралған мәселе бойынша шешім қабылданды.


Шешім:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мен жаңа жыл мемлекеттік мерекелерінің құрметіне мектептің педагогтері мен қызметкерлеріне сыйақы берілсін.
2. Сыйақыны есептеп төлеу есепші Г.Ж.Избагамбетовке жүктелсін.

Кеңес төрағасы:


К.С.Тлесов

Хатшысы:

 - М.К.Куангаева

Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

28.12.2022ж

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары
2. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдесу. Оқушыларды сұраныс бойынша қала, облыс әкімі және ҚР Президентінің шыршасына қатысуын ұйымдастыру.



ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уликпанова К.К сөз алып, құқықтық тәрбие берудегі қоғам алдында тұрған басты мақсат – кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың, панасыздықтың, әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, балалардың құқығын қорғау, оларға сапалы білім, саналы тәрбие беру, бойындағы жаман және зиянды әдет пен әрекеттерден арылуға, баулу болғандықтан мектеп пен Ақтөбе қаласы ІІБ бірлескен іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген. Айына бір рет ұлдар кеңесі және қыздар кеңесі жиналыстары өткізіледі. Кеңес кезінде оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ақыл-кеңестер беріліп, пікіралмасулар болып тұрады. Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілер оқушылардың отбасыларымен тығыз байланыс жасай отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сараптама жасап отырады. Осындай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде құқық бұзушы оқушылар жоқ. Қараша айында «Кибербуллингтің алдын алу, интернеттегі бала қауіпсіздігі» тақырыбында мектеп психологы Б.Мырзахановамен бірге тренинг, әңгімелесу өткізілді. Мектеп бойынша мектепшілік және ІІБ есепте тұрған оқушы жоқ. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша шаралар жоспарға сай жыл бойы жалғасатын болады.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша әлеуметтік педагогтың міндетін атқарушы М.К.Кунантаева мәлімдеме жасады. Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру барысында мектеп жоспарына сәйкес 27-28 желтоқсан күндері 1-2 сыныптар арасында, 3-4 сыныптар, 5-7 сыныптар, 8-11 сыныптар арасында мерекелік бағдарламалар болып өтті. Мектебіміздің аз қамтылған оқушыларына «КЕҢЕС» жиһаз дүкені мен «MANHATTAN» рестобар басшыларының демеушілігімен оқушыларымызға тәтті сыйлықтар берілді. Үйден оқытылатын оқушымыз бен мектеп аумағына қарасты қамқоршылар қолындағы балаға да барып тәтті сыйлығы берілді. Сұраныс бойынша қала әкімдігі шыршасына 6 оқушы жіберілді. Астана ауданы әкімдігінің шыршасына 3 оқушы қатыстырылды. Еріктілер клубының ұйымдастыруымен «Jumanji» ойын орталығына 7 оқушы қатысып, көңіл көтеріп қайтты. Жалпы мектеп бойынша аз қамтылған оқушылар саны – 21 оқушы. Осы тізім бойынша 16 оқушымыз сұраныс бойынша қала әкімдігі, Астана ауданы әкімдігі шыршаларына және еріктілер клубының ұйымдастыруымен өткен ойын-сауық орталықтарына қатыстырылды.

Қаулы:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін атқарылатын жұмыстар жандандырылсын.
2. Жаңа жылдық шаралардың ұйымдастырылуы мен мектептен тыс жаңа жылдық шыршаларға оқушылардың қатыстырылуы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

Кеңес төрағасы:  К.С.Тлесов
Хатшысы:  - М.К.Кунантаева

«№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

28.02.2023ж

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының орындалуы туралы (К.К.Уликпанова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
2. Ыстық тамақтың ұйымдастырылу сапасы (Б.Т.Мангибаева – әлеуметтік педагог)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уликпанова К.К сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылатындығын, осыған орай №48 мектебі бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар» жоспары жасалып, бекітіліп жұмыс түрлері жүргізілуде екендігін мәлімдей отыра, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске» байланысты жүргізілген жұмыс түрлерімен таныстырып өтті.

«Білім туралы» Заңының 8- бабы 2- тармақшасына сәйкес ақша жинауға жол бермеу мақсатында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тиым салу туралы» бұйрығы таныстырылып, арнайы бұрыш жасалды. Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралады. Сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, көрсетілген.

Мектеп психолгы және мектеп инспекторымен бірлесіп, оқушылармен кеңес өткізіп, «құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алуда» туралы дәріс оқылып, пікір алмасылып отырады.

Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады. Ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Мектебімізде Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сананы мен мәдениетті дамыту, сонымен қатар ішкі парасаттылықты, адалдықты тәрбиелеу және бір-бірімізге деген сенімді, адалдық қағидаттарын қалыптастыру, қоғамдағы жемқорлықпен күресуде жастарды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Адалдық дүкені» жұмыс жасап тұр. «Адалдық дүкені» жұмысы өзіне-өзі қызмет көрсету жүйесі бойынша ұйымдастырылған. Мұнда ұстаздар мен оқушылар өздеріне қажетті заттарды алып, алынған тауар үшін ақшаны кассалық жәшікке қалдырып, есеп айырысады.

31 қаңтар күні Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ағымдағы жылдың 7 қаңтарындағы №6-11-6/42-И хатымен берілген ҚР Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын талдау жұмысын жүргізу, түсіндіру бойынша жиын өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітті. Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы


жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған. Тұжырымдама зардаптармен күрестен сыбайлас жемқорлықтың алғы шарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды жасауға бағытталған. Мақсаты: жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің маңыздылығы. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында сананың ашықтығы, мәдениет деңгейін көтеру туралы сөз қозғалды.

2-мәселе бойынша әлеуметтік педагог Мангибаева Б.Т сөз сойледі. Өз сөзінде жалпы биылғы оқу жылында мектеп асханасынан тегін тамақтанатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алуға құқығы бар отбасылардан шыққан және мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 22 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отырғандығын айтты. Сонымен қатар ыстық тамақтың сапалық құрамын тексеретін бракераждық комиссия жұмыс жасайтындығын, мектеп асханасында тамақтану кестесі және күнделікті ас мәзірі мектеп директорының қолымен бекітіліп, арнайы стендте ілінетіндігін, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қуәландыратын құжаттар, олардың пайдаланылатын тізбесі туралы мәліметтер (сертификаттардың көшірмесі) бар екендігін атап өтті.

Қаулы:

1. Мектепте ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізілсін.
2. Жоғарыда көрсетілген тізімге кіретін оқушыларды ыстық тамақпен толық қамтамасыз ету күнделікті қадағалансын.

Кеңес төрағасы:

 К.С.Тлесов

Хатшысы:

 - М.К.Кунанбаева

Қамқоршылық кеңес отырысының
№5 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

25.05.2023ж

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы (К.К.Абуова – мектеп директоры)
4. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру
(К.К.Уликпанова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
3. Соңғы қоңырауға дайындық жұмыстары
(К.К.Уликпанова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Абуова К.К 2022-2023 оқу жылының қорытындысын жасады.

Оның ішінде:

1. Педагогтердің сапалық құрамы
2. Әдістемелік жұмыстар
3. Оқушылардың 2022-2023 оқу жылындағы білім сапасы
4. Дарынды балалармен жұмыс
5. Тәрбие жұмысы
6. Мектеп оқушыларының қосымша біліммен қамтылуы
7. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы
8. Педагог-психолог жұмысы
9. Мектеп кітапханасының жұмысы
10. Мектептің материалдық жай-күйі
11. Алда жүзеге асырылмақ мақсат-міндеттермен таныстырып өтті.

Әрбір білім беру мекемесі өткенін саралап, алға мақсат-мүддесін айқындаса ғана сапалы білім болатыны сөзсіз. Жас өскінді тәрбиелеу мектеп, қоғам, отбасы жауапкершілігінде. Еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде бірлесіп жүргізген сапалы жұмыстарымыз арта түссін деп қорытындылады.

Екінші мәселе Уликпанова К.К сөз алып, төмендегідей мәлімдеме жасады.

Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, танып білу, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, денінің саулығын арттыруға жағдай жасау мақсатында оқушылар үшін қала сыртындағы және мектеп жанындағы сауықтыру ұйымдарының жазғы сауықтыру ауысымдары ашылады.

Жазғы каникул балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең.

Бала уақытының көп бөлігін теледидар мен компьютердің алдында өткізбеу үшін ата-аналарға балаларын жазғы сауықтыру мекемелеріне жіберуге кеңес береміз.

Жазғы сауықтыру ұйымдарының басшылары санитариялық ережелер талаптарының сақталуын қамтамасыз ететініне қарамастан, сіз балалардың денсаулығы үшін негізгі жауапкершілік өзіңіздің мойныңызда екенін ұмытпауыңыз керек. Сондықтан, тамақтан улану мен жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында балаларды жазғы сауықтыру лагеріне жіберген кезде сіз баламен жеке гигиенаны сақтаудың қарапайым ережелері туралы профилактикалық әңгіме жүргізуіңіз керек, атап айтқанда: тамақтанар алдында және

дәретханаға барғаннан кейін қолды жуу, көкөністер мен жемістерді тұтынар алдында ағынды сумен жақсылап шаю, сауықтыру лагерьлерінің аумағында өсетін жемістерді пайдалануға тыйым салу. Бассейнде шомылғаннан кейін сабынмен себезгі ванналарын міндетті түрде қабылдау, басқа адамдардың жеке гигиена заттарын (тарақтар, тіс щеткалары және т.б.) және киімдерін пайдаланбау, туристік жорыққа шыққан кезде дененің барлық ашық бөліктерін жабу (бридждерді шұлыққа салу, ұзын және түймеленетін блузкалар кию). Ішек инфекциясының белгілері пайда болған кезде (әлсіздік, жүрек айну, құсу), дене температурасының жоғарылауы және т.б. балаларды дереу медициналық көмекке жүгінуге үйретіңіз.

Жыл сайын елімізде әр түрлі үлгідегі мыңнан астам лагерлер жұмыс істеп, 2 миллионнан астам балалар демалады. Балалардың жазғы кезде демалуы үшін лагерлердің екі типі болады: мектептегі және қала сыртындағы. 48 мектебі бойынша мектеп лагеріне 1-4 сыныптар аралығындағы 10 оқушы, ал қала сыртындағы лагерге 3 оқушы камтылмақ.



Және де «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ-нің 04.05.2023 жылғы №161 бұйрығы негізінде мектеп бойынша 2-4 сынып оқушыларына арналған «Ойын алаңы» ұйымдастырылмақ.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Уликпанова К.К Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 22.05.2023 ж. №5-04-02/3052-И хатына сәйкес Ақтөбе облысының білім басқармасы тарапынан «Жалпы білім беретін мектептерде 2022-2023 оқу жылын аяқтау Тұжырымдамасы негізіндегі «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 24 мамырдағы №2/2436 хаты негізінде мектеп директорының төмендегідей бұйрығымен таныстыра отыра, ата-аналар жазғы демалыс және соңғы қоңырау мен мектепті бітіру кешінде өз балаларына жауапкершілікпен қарау керектігін, құқық бұзушылықты болдырмау үшін балалармен жұмыс жасау қажеттігін айтты.

1. Оқу жылының қорытындысын шығару, жазғы демалыс кезеңіне балаларды әзірлеу мақсатында 2023 жылдың 31 мамыр күні 1-11 сынып аралығында тақырыптық сынып сағаттары өткізілсін.
2. 2023 жылғы 1 маусымда сағат 09:00 – 09:45 уақыт аралығында 1,4,9,10,11-сынып оқушыларына «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиын өткізілсін.
3. Салтанатты шара кезінде мектеп ауласының кіреберісіне төмендегі мектеп мұғалімдерінен кезекшілік ұйымдастырылсын.
 1. Бисенов Б.Қ – АӘДТ пәнінің мұғалімі
 2. Коржиков Ж.М. – дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі;

Қаулы:

1. Мектептің 2022-2023 оқу жылы қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Жазғы каникул кезіндегі мектепте ұйымдастырылатын тынығу лагері мен ойын алаңдарында қауіпсіздік шаралары қатаң сақталып, мектептен тыс оқушылардың осы уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету білім алушылардың ата-аналарына міндеттелсін.
 1. 2022-2023 оқу жылын аяқтауда 1,4,9,10,11-сыныптардың салтанатты шарасына дайындық жұмыстары жүргізілсін және 1-11 сыныптардағы тақырыптық сынып сағаттарының жүйелі өткізілуі қадағалансын.

Кеңес төрағасы:  К.С.Тлесов
Хатшысы:  М.К.Кунантаева